

**Қалиева Н. К., 2 курс**

**Ғылыми жетекшісі: М. М. Байжанов, аға оқытушысы, PhD докторант  
(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)**

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ОРНЫ**

Халықаралық құқық пен мемлекеттің ішкі құқығының тығыз байланысы жаһандану кезеңінде күн сайын артуда, оның басты себебі әртүрлі сипаттағы халықаралық ұйымдардың көбеюі мен осы дәуірдің басты тақырыбы болып есептелетін интеграцияға тікелей әсер етеді. Ал интеграцияның өзі жаһандық құқықтық мәселелерді шешуде халықаралық құқықты жалпы ғаламдық заңға айналдыруда десек те болады. Құқық ғылымының даму барысында халықаралық құқық пен ішкі мемлекеттік құқықтың арақатынасының ажыратуға XIX ғасырдан бастап көңіл бөле бастады. Бұл туралы алғаш болып 1899 жылы неміс заңгері Х. Трипел жазған еді. Халықаралық құқықта осы мәселеге қатысты негізі екі бағыт бар, монистік және дуалистік. Дуалистік теорияның негізін қалаушылардың ойынша халықаралық құқық пен ішкі мемлекеттік құқық бір-бірімен арақатынасы бар, тәуелсіз дербес құқық салалары деп санаған. Сондай-ақ, бұл теорияның жақтастары ішкі мемлекеттік құқық нормалары, халықаралық құқық нормаларын, сәйкесінше халықаралық құқық нормаларының ішкі мемлекеттік құқықтың нормаларын өзгерте алмайтынын айтады. Ал монистік теория примат, яғни басымдылық заңына сүйене отырып жасалған, осы орайда монистік теорияның өзі бір-біріне қарсы екіге теорияға бөлініп қарастырылады, яғни бірі халықаралық құқық ішкі мемлекеттік құқықтан басым десе, екіншілері соңғысының басымдылығын айтады.

Ішкі мемлекеттік құқықтың нормалары — бір жақты, яғни мемлекеттің императивті түрде шығарған нормаларынан тұрады. Ал халықаралық құқық нормалары — өзара тең егеменді мемлекеттердің, өздері үшін маңызды мәселелерді шешу үшін өзара келісілген нормалары және ол тек сол шарттың қатысушыларына міндетті болып табылады.

Халықаралық құқық пен ішкі мемлекеттік құқықтың арақатынасы өте тығыз, мәселен қазіргі таңда халықаралық құқық нормаларының орындалуына байланысты екіге бөлінеді: өздігінен орындалатын және өздігінен орындалмайтын болып. Халықаралық шарттарды ұлттық заңнамаға орай тіркеу, орындау мемлекеттің өкілеттігіне жатады. Бұл орайда Г. Дам ерекше атап кеткен, халықаралық құқық нормалары өзінің орындалуын талап етеді, бірақ қалай жүзеге асатындығы айтылмаған. Халықаралық құқық нормаларының абсолютті басымдылығын бірде-бір мемлекет мойындамаса да халықаралық құқықтың «*jus cogens*» нормаларын барлық мемлекеттер мойындайды.

Тарихта алғаш рет халықаралық құқық нормаларын мемлекеттің ішкі құқық жүйесінің бір саласы ретінде 1787 жылы Конституция қабылдаған АҚШ мемлекеті жариялады. 1993 жылы 12 желтоқсанда жалпы халықтық дауыс беру арқылы қабалданған РФ-тің Конституциясының 15-бабының 4-тармағында: «Халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған нормалары мен қағидалары және халықаралық шарттары РФ құқықтық жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Егер РФ тің халықаралық шарттарында өзгеше көзделсе, онда ол тікелей қолданылады».

Ал енді Қазақстан Республикасына келетін болсақ, Конституцияның 4-бабының 2-тармағында: «Конституцияның ең жоғарғы заңи күші бар және Республиканың бүкіл аумағына ол тікелей қолданылады» деп Конституцияның заңи күшін көрсетеді, бірақ осы баптың 3-тармағында: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан

басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа ретте, тікелей қолданылады». Бұл заңдағы коллизиялық нормалар болып табылады. Бұл жерде аса назар аударып, көңіл бөлетін мәселе ол — халықаралық шарттар мен мемлекеттің Парламенті шығарған нормативтік-құқықтық актілердің арақатынасын анықтау болып табылады. Осы арада заңды қолдануға байланысты түсіндірмелер берілмеген.

ҚР-ның 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңында барлық мемлекеттің ішкі құқықтық заңдарының орындалуы, жасалуы толық көрсетілген. Осы Заңның 1-бабында барлық нормативтік, құқықтық актілердің тізімі бекітілген, бірақ халықаралық шарттар туралы мүлдем жазылмаған да. Ал «Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттар туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 мамырындағы Заңының 1-бабының 8-тармағында: «Қазақстан Республикасының халықаралық шарты — Қазақстан Республикасы шет мемлекетпен (шет мемлекеттермен) немесе халықаралық ұйыммен (халықаралық ұйымдармен) жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда екендігіне қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан халықаралық құқық реттейтін халықаралық келісім» деген анықтама берген. Сондай-ақ, халықаралық шарттың орындалуы үшін арнайы заң қабылдау талап етілмесе, тікелей қолданыла береді. Халықаралық шарттардың мемлекеттік заңнамаға қатысты басты талабы оның Конституцияға сәйкес келуі.

1993 жылы 31 наурызда Қазақстан Республикасы 1969 жылы 23 мамырда жасалған «Халықаралық шарттар туралы» Вена Конвенциясына қосылды, бұл Конвенцияның 26-бабы «*pacta sunt servanda*»: «Әрбір қолданыстағы шарттар өзінің қатысушыларына міндетті және адал орындалуға міндетті»<sup>4</sup>. Сонымен қатар 27-бапта: Қатысушы тарап өзінің ішкі құқықтық жағдайына сүйеніп шартты орындаудан бас тарта алмайды, бірақ 46-бапқа залалын тигізбейді делінген. Ал *pacta sunt servanda* принципі 46-бап бойынша, мемлекеттің ішкі ерекше құқық нормаларын алып келгенде қолданылмайды. Ал мемлекеттің ішкі ерекше құқығы ретінде бірінші ретте — мемлекеттің Конституциясы және Конституциялық құқығы ұғынылады. Осыған орай Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларына қайшы келетін халықаралық шарттар, қабылданбайды, ратификацияланбайды және күшіне енбейді. Осыған Конституциялық Кеңестің шешімі бар «Конституция жоғары және оған қарсы нормалары бар шарттар қабылданбайды, ескертпе арқылы қабылдай алады», алайда бұл Халықаралық шарттар туралы Вена Конвенциясының 27-бабына, яғни «қатысушы тараптың өзінің ішкі құқықтық жағдайын шартты орындамауына себеп бола алмайды» деген бабына сәйкесінше қарама-қайшылықты туындатып отыр.

**Осы орайда менің негізгі ұсыныстарым:**

1. Конституцияда халықаралық шарттың рөлін анықтап көрсету, «Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар ұлттық заңнаманың ажырамас бір бөлігі, олардың заңдық күші НҚА көрсету».
2. «ҚР-ның нормативтік құқықтық актілер» туралы Заңына өзгерістер енгізу.
  - 1-бапқа халықаралық шарттың орнын көрсету
  - пайдаланылатын негізгі ұғымына кіргізу, 1-бапқа арнайы тармақша енгізу
  - 3-бап, 2-тармақтың 1-тармақшасына енгізу, яғни негізгі заңға жатқызу.
  - 4-бап — 2-тармақтың, 2-тармақшасына өзгеріс, яғни:
    - 2-1) Республика бекіткен халықаралық шарттар;
    - 2-2) Қазақстан Республикасының Кодекстері.